

Қарағанды облысы Осакаров ауданының коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2024 жылғы 11 маусымдағы № 20/197 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабы 3 тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар Министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 154 - п. "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу бойынша жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарағанды облысы Осакаров ауданының коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Қ. Саққулаков

2024 жылғы "11" маусымдағы

№ 20/197

Осакаров аудандық мәслихатының
шешіміне қосымша

2024-2028 жылдарға арналған Қарағанды облысы Осакаров ауданының коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламасы.

1. Кіріспе

2. Осакаров ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын талдау.

3. Мақсаттар, міндеттер және нысаналы көрсеткіштер

4. Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері

5. Негізгі бағыттар, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары.

6. Қажетті ресурстар

7. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

1-тарау. Кіріспе

Қоршаған ортаны қорғаудың маңызды бағыттарының бірі өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқаруды ұтымды ұйымдастыру болып табылады. Бұл ретте қалдықтары

аз және қалдықсыз технологияларды енгізуді, оларды залалсыздандыру және кәдеге жарату мақсатында қалдықтарды қайта өңдеуді экономикалық ынталандыру маңызды рөл атқарады.

Бұл бағдарлама Осакаров ауданының коммуналдық қалдықтарын жинау мен орналастыруды қарастырады.

2024-2028 жылдарға арналған Қарағанды облысы Осакаров ауданының коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасы "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу бойынша жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.05.2023 ж. №154 –п бұйрығы негізінде әзірленді.

Бағдарламада коммуналдық қалдықтардың көлемі мен құрамы, түзілу жылдамдығы, жіктелуі, жинақтау, жинау, тасымалдау, сұрыптау, залалсыздандыру, қалпына келтіру және жою тәсілдері, коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қолданыстағы инфрақұрылым туралы мәліметтерді қоса алғанда, ауданда түзілетін коммуналдық қалдықтардың сипаты (сипаттамасы) ұсынылады.

Ауданның негізгі сипаттамалары

Осакаров ауданының аумағы 1126,1 мың га құрайды. Ауданның әкімшілік-аумақтық бөлінісі ұсынылған: 52 ауылдық елді мекен (бұдан әрі-АЕМ), 23 ауылдық округ, оның 8-і тек бір АЕМ-нен тұрады.

Аудан орталығы - Осакаровка кенті. Аймақтың салалық мамандануы ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп.

Аудан өнеркәсібі тау-кен өнеркәсібінің жүйе құраушы кәсіпорындарымен және электр энергиясын, газ бен суды өндірумен және таратумен, сондай-ақ өңдеу саласымен айналысатын кәсіпорындармен ұсынылған.

Осакаров ауданындағы өнеркәсіптің негізгі құрамдас бөліктері: "Kazakhstan Coal" ЖШС және "Қаныш Сәтбаев атындағы Канал" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қарағанды филиалы болып табылады.

Халық санының динамикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша қабылданды. 2023 жылдың соңында Осакаров ауданының халық саны 29998 адамды құрады.

Жоспарлы кезеңге арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі.

Бағдарламаны әзірлеу қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі қызметтер кешенінің тиімділігін, сенімділігін, экологиялық және әлеуметтік қолайлылығын арттыру, ҚТҚ қайта өңдеу үлесін ұлғайту, сондай-ақ қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету үшін қажет.

Бағдарлама келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

1) Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI Экологиялық кодексі;

2) Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 154-п бұйрығы;

3) "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығы;

4) "Техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып, қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 бұйрығы;

5) "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы;

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар ұлттық стратегияда қаралады: Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 121 " Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы" Жарлығы, 3.3.1.4-бөлім. " Қалдықтарды басқару":

- 1) қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;
- 2) ҚТҚ жинау және сұрыптаумен толық қамтуды жеделдетіп енгізу;
- 3) қайта өңделетін және қордалатын қалдықтардың үлесін ұлғайту.

2-тарау. Осакаров ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын талдау

Параграф 1. Коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын бағалау

Халықаралық тәжірибеде қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі - ҚТҚ) қатты тұрмыстық қалдықтардың жалпы құрамына кіретін, бірақ қайта өңдеу және/немесе көму тәсілімен ерекшеленетін үш "қалдықтар ағынына" сәйкес келетін үш бөлікке жіктеледі.

1) коммуналдық қалдықтар.

2) қауіпті қатты тұрмыстық қалдықтар - адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен қасиеттері бойынша қауіпті

қалдықтарға жатқызылуы мүмкін түзілу сипаты ұқсас өндіріс қалдықтары. Оларға келесі қалдықтар жатады:

- 1) пайдаланылған батареялар мен аккумуляторлар;
- 2) пайдаланылған электр және электрондық жабдық;
- 3) құрамында сынап бар қалдықтар (люминесцентті шамдар мен термометрлер);
- 4) медициналық және ветеринариялық қалдықтар;
- 5) тұрмыстық химия қалдықтары;
- 6) құрамында асбест бар қалдықтар;
- 7) адам өмірінің нәтижесінде пайда болатын басқа да қауіпті қалдықтар.

3) Басқа қатты тұрмыстық қалдықтар - қауіпті болып табылмайтын және сонымен бірге аралас қалдықтарға жатқызуға болмайтын қалдықтар, себебі оларды жинау, әкету және кәдеге жарату үшін бірінші ағынға қарағанда өзге де тәсілдерді қолдану талап етіледі.

"Басқа ҚТҚ" келесі қалдықтарды қамтиды:

- 1) құрылыс қалдықтары;
- 2) ірі көлемді қалдықтар;
- 3) кәдеге жаратуға жататын автомобильдер;
- 4) пайдаланылған автомобиль шиналары;
- 5) ағынды суларды қайта өңдеуден шыққан қалдықтар.

Осакаров ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, қалпына келтіру, оның ішінде қайта өңдеу және жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдар жоқ. 1-кестеде 5 жыл ішінде жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі бойынша статистикалық деректер келтірілген.

1-кесте Осакаров ауданы бойынша 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі

Осакаров ауданы	2018	2019	2020	2021	2022
Тонна					
Жиналған коммуналдық қалдықтар	4500	5200	9250	21810	5656

"Осакаров ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің деректеріне сәйкес Осакаров ауданының тұрғындарына олардың болмауына байланысты қоқыс шығаратын ұйымдар қызмет көрсетпейді. Осакаров ауданы бойынша тіркелген қоқыс шығаратын ұйымдар мен қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі өз қызметін жүзеге асыратын ұйымдар жоқ. Қоқысты шығаруды қалдықтарды тасымалдауға бейімделген техникасы бар жеке тұлғалар жүзеге асырады.

2024 жылдың басында Осакаров ауданында 19 контейнер бар, оның ішінде 17 қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнер және құрамында сынап бар шамдарға арналған 2 контейнер.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер: Сарыөзек ауылы 11 бірлік, Николаевка ауылы 3, Озерное ауылы 3. Құрамында сынап бар шамдарды жинауға арналған контейнерлер: Осакаровка кенті 1 бірлік, Молодежный кенті 1. Барлық контейнерлер әкімшілік мекемелердің (мектептер, емханалар, балабақшалар, мәдениет үйі, сауда үйлері) аумағында орналасқан.

Жергілікті тұрғындардан қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған алаңдар екі кентте бар. Осакаровка кенті 7 алаң, Молодежный кенті 26 алаң. Коммуналдық қалдықтарды шығаруды бейімделген техникасы бар жеке тұлғалар жүзеге асырады.

Осакаров ауданының құрамына екі ірі Осакаровка және Молодежный ауылдары кіреді, аудан орталығы - Осакаровка ауылы.

Жергілікті атқарушы органдар ұсынған соңғы мәліметтерге сәйкес, Осакаров ауданында 29998 адам бар. Осакаровка кентінде 8389 адам, Молодежный кентінде 5835 адам тұрады. Осылайша, Осакаров ауданы халқының жартысы екі кентте тұрады, екі кент бойынша халықтың жалпы саны 15396 адамды құрайды.

Молодежный кентімен бір аумақта орналасқан Ақбұлақ ауылдық округінің халық санын ескере отырып, халық саны 7007 адамды құрайды.

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 221 "Осакаров ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне сәйкес бір тұрғынға жылына 0,80 м³ келеді. Осылайша, Осакаровка кенті үшін қатты тұрмыстық қалдықтардың пайда болуының жобалық жылдық көлемі жылына 6711 м³ немесе тәулігіне 18,3 м³ құрайды, Молодежный кенті үшін Ақбұлақ ауылдық округі ескеріле отырып, жылына 5606 м³ немесе тәулігіне 15,3 м³ құрайды.

Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 589 "Қарағанды облысын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасы" шешіміне сәйкес аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бөлінісінде 5-мақсат: экологиялық қауіпсіздік, Осакаров ауданы бойынша ҚТҚ қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін (түзілу көлемінен) 2021-2025 жылдар аралығындағы кезеңге қайта өңдеу және кәдеге жарату көлемін 2024 жылы 0,1% - ға және 2025 жылға қарай түзілу көлемінің 0,2% арттыру қажет.

Параграф 2. Коммуналдық қалдықтарды қалыптастыру және жинақтау жөніндегі нормативтік базасы бар

1) Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 87/01 "Осакаров ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және

жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қаулысы. Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 87/01 қаулысы.

2) Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 221 "Осакаров ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 мамырда № 27867 болып тіркелді.

Осы шешімге сәйкес Осакаров ауданының тұрғындары үшін, сондай-ақ мекемелер, кәсіпорындар, балабақшалар, медициналық және басқа да мекемелер үшін қалдықтардың пайда болу нормалары қабылданды. Есептік бірліктерге (тұрғын, орын, қызметкер, бару және т.б.) сүйене отырып, текше метрде коммуналдық қалдықтардың пайда болуының жылдық нормасы қабылданды.

Коммуналдық қалдықтардың пайда болуының жылдық нормасы 1 тұрғынға 0,80 м³ құрайды.

Параграф 3. Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы

Ауылдық жерлердегі қалдықтардың морфологиялық құрамы қалалық жерлерден ерекшеленеді. Онда органикалық қалдықтар және пластмассаның, орауыш материалдардың, қағаздың және картонның аз үлесі басым. Айта кету керек, ауылдық жерлерде қалдықтардың азық-түлік бөлігі әдетте полигонға немесе үйінділерге орналастырылмайды. Азық-түлік қалдықтарының едәуір бөлігі жануарларға беріледі немесе үй жағдайларында қордаланады. Сонымен қатар, ағаш, қағаз өнімдері, пластикалық қаптама және басқа материалдарды жылыту мақсатында жағуға болады. Сонымен қатар, тыйым салынғанына қарамастан, ауылдық полигондарға көң және басқа да мал қалдықтары (малға арналған өсімдік қоқысы) көп мөлшерде түседі.

2-кесте Қалалық жерлерде қатты тұрмыстық қалдықтардың морфологиялық құрамы

р/к №	Фракция атауы	Жалпы көлемдегі мөлшердің %
2	Құрамы әр түрлі пластик	27
4	Шыны	15
5	Металл	3
8	Басқа қалдықтар	55

Параграф 4. Осакаров ауданының қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары туралы мәліметтер

Осакаров ауданының аумағында өз қызметін әсер етуге рұқсаты бар 22 қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны жүзеге асырады.

Қалдықтарды көму полигоны (бұдан әрі - полигон) деп экологиялық, құрылыс және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келетін қалдықтарды алып қою ниетінсіз оларды тұрақты орналастырудың арнайы жабдықталған орны түсініледі.

Осакаров ауданының қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары экологиялық және санитарлық нормаларға толық сәйкес келмейді.

4-кестеде Осакаров ауданының әсер етуге рұқсаты бар қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының тізімі келтірілген.

Коммуналдық және басқа да қалдықтардың иесіз үйінділері анықталды және жойылды.

ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі "Қазақстан Ғарыш Сапары" АҚ-мен бірлесіп қалдықтарды орналастыру орындарына ғарыштық мониторинг жүргізуде. 3-кестеде Осакаров ауданында үш жыл ішінде жойылған қоқыс үйінділерінің саны туралы ақпарат берілген.

3-кесте Осакаров ауданы бойынша иесіз үйінділер жойылды

№	Аудан	2021	2022	2023
1	Осакаров ауданы, бірлік	43	21	38

4-кесте Осакаров ауданының заңдастырылған қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының тізімі

№	Қ Т Қ полигондарының балансу ұстаушылары	Қ Т Қ полигондарының орналасқан жері	Берілген рұқсаттың нөмірі мен күні	Рұқсаттың қолданылу мерзімі жылдың басы-соңы	ШРШ (шекті рұқсат берілетін шығарындылар) жобасына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нөмірі мен күні	Қ О Н (қалдықтарды орналастыру нормативі) жобасына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нөмірі мен күні
1.	"Осакаровка кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Осакаровка кенті	KZ50VCZ00162548 18.05.2018 жылы қалдықтарға	18.05.2018 жыл - 31.12.2027 жыл	Ш Р Қ жобасына қорытынды жоқ	KZ35VCY00102856 01.02.2018 жыл
2.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Жансары ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Аманқоңыр ауылы	KZ40VCZ01105471 23.06.2021 жылы шығарындыларға KZ66VCZ01255547 17.08.2021 жылы қалдықтарға	23.06.2021 жыл - 31.12.2030 жыл 17.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл	KZ40VCZ01105471 23.06.2021 жыл	KZ66VCZ01255547 17.08.2021 жыл
	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы		KZ10VCZ01109503 24.06.2021 жылы	24.06.2021 жыл - 31.12.2030 жыл		

3.	Родниковский ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Родниковское ауылы	шығарындыла р ғ а KZ67VCZ011 09544 24.06.2021 ж ы л ы қалдықтарға	ж ы л 24.06.2021 ж ы л - 31.12.2030 жыл	KZ10VCZ011 09503 24.06.2021 жыл	KZ67VCZ011 09544 24.06.2021 жыл
4.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Шідерті ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Шідерті ауылы	KZ19VCZ011 09244 24.06.2021 ж ы л ы шығарындыла р ғ а KZ32VCZ011 09592 24.06.2021 ж ы л ы қалдықтарға	24.06.2021 ж ы л - 31.12.2030 ж ы л 24.06.2021 ж ы л - 31.12.2030 жыл	KZ19VCZ011 09244 24.06.2021 жыл	KZ32VCZ011 09592 24.06.2021 жыл
5.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Жұлдыз ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Жұлдыз ауылы	KZ61VCZ011 40789 08.07.2021 ж ы л ы шығарындыла р ғ а KZ31VCZ011 40747 08.07.2021 ж ы л ы қалдықтарға	08.07.2021 ж ы л - 31.12.2030 ж ы л 08.07.2021 ж ы л - 31.12.2030 жыл	KZ61VCZ011 40789 08.07.2021 жыл	KZ31VCZ011 40747 08.07.2021 жыл
6.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ақбұлақ ауылы	KZ72VCZ011 20512 26.07.2021 ж ы л ы шығарындыла р ғ а KZ71VCZ011 20530 26.07.2021 ж ы л ы қалдықтарға	26.07.2021 ж ы л - 31.12.2030 ж ы л 26.07.2021 ж ы л - 31.12.2030 жыл	KZ72VCZ011 20512 26.07.2021 жыл	KZ71VCZ011 20530 26.07.2021 жыл
7.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Енбек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Трудовое ауылы	KZ76VCZ012 55658 30.07.2021 ж ы л ы шығарындыла р ғ а Kz21vcz01255 678 30.07.2021 ж ы л ы қалдықтарға	30.07.2021 ж ы л - 31.12.2030 ж ы л 30.07.2021 ж ы л - 31.12.2030 жыл	KZ76VCZ012 55658 30.07.2021 жыл	KZ21VCZ012 55678 30.07.2021 жыл
	"Қарағанды облысы		KZ90VCZ012 68598			

8.	Осакаров ауданы Сарыөзек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Сарыөзек ауылы	05.08.2021 жылы шығарындыла рға KZ71VCZ012 68552 05.08.2021 жылы қалдықтарға	05.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл 05.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл	KZ90VCZ012 68598 05.08.2021 ЖЫЛ	KZ71VCZ012 68552 05.08.2021 ЖЫЛ
9.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ертіс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ертіс ауылы	KZ16VCZ012 68475 05.08.2021 жылы шығарындыла рға KZ06VCZ012 68461 05.08.2021 жылы қалдықтарға	05.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл 05.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл	KZ16VCZ012 68475 05.08.2021 ЖЫЛ	KZ06VCZ012 68461 05.08.2021 ЖЫЛ
10.	"Әкім аппараты" мемлекеттік мекемесі Қаратомар ауылдық округі Қарағанды облысы Осакаров ауданы"	Сенокосное ауылы	KZ42VCZ012 68492 05.08.2021 жыл шығарындыла рға KZ75VCZ012 68480 05.08.2021 жылы қалдықтарға	05.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл 05.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл	KZ42VCZ012 68492 05.08.2021 ЖЫЛ	KZ75VCZ012 68480 05.08.2021 ЖЫЛ
11.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Мирный ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Мирное ауылы	KZ37VCZ012 68485 05.08.2021 жылы шығарындыла рға KZ25VCZ012 68507 05.08.2021 жылы қалдықтарға	05.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл 05.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл	KZ37VCZ012 68485 05.08.2021 ЖЫЛ	KZ25VCZ012 68507 05.08.2021 ЖЫЛ
12.	Нияз ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі Қарағанды облысы Осакаров ауданы"	Нияз ауылы	KZ72VCZ012 68534 05.08.2021 жылы шығарындыла рға KZ62VCZ012 68520 05.08.2021 жылы қалдықтарға	05.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл 05.08.2021 жыл - 31.12.2030 жыл	KZ72VCZ012 68534 05.08.2021 ЖЫЛ	KZ62VCZ012 68520 05.08.2021 ЖЫЛ

13.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Маржанкөл а.о. әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Маржанкөл ауылы	KZ93VCZ033 08939 14.08.2023 ж ы л шығарындыла р м е н қалдықтарға	14.08.2023 ж ы л 31.12.2032 жыл	KZ93VCZ033 08939 14.08.2023 жыл	KZ93VCZ033 08939 14.08.2023 жыл
14.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы елді мекені құндызды ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Шұңқыркөл ауылы	KZ23VCZ033 08938 14.08.2023 ж ы л шығарындыла р м е н қалдықтарға	14.08.2023 ж ы л - 31.12.2032 жыл	KZ23VCZ033 08938 14.08.2023 жыл	KZ23VCZ033 08938 14.08.2023 жыл
15.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Сұңқар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Сұңқар ауылы	KZ66VCZ033 08940 14.08.2023 ж ы л шығарындыла р м е н қалдықтарға	14.08.2023 ж ы л - 31.12.2032 жыл	KZ66VCZ033 08940 14.08.2023 жыл	KZ66VCZ033 08940 14.08.2023 жыл
16.	"Қарағанды облысы Осакаровка ауданы Есіл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Есіл ауылы	KZ74VCZ032 64661 20.06.2023 ж ы л шығарындыла р м е н қалдықтарға	20.06.2023 жылдар- 31.12.2032 жыл	KZ74VCZ032 64661 20.06.2023 жыл	KZ74VCZ032 64661 20.06.2023 жыл
17.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Батпақты ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Батпақты ауылы	KZ33VCZ032 64623 20.06.2023 ж ы л шығарындыла р м е н қалдықтарға	20.06.2023 ж ы л - 31.12.2032 жыл	KZ33VCZ032 64623 20.06.2023 жыл	KZ33VCZ032 64623 20.06.2023 жыл

18.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Озерный ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Озерное ауылы	KZ76VCZ032 62103 16.06.2023 ж ы л шығарындыла р м е н қалдықтарға	16.06.2023 ж ы л - 31.12.2032 жыл	KZ76VCZ032 62103 16.06.2023 жыл	KZ76VCZ032 62103 16.06.2023 жыл
19.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Қарағайлы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Қарағайлы ауылы	KZ34VCZ033 57434 19.10.2023 ж ы л шығарындыла р м е н қалдықтарға	19.10.2023 ж ы л - 31.12.2032 жыл	KZ34VCZ033 57434 19.10.2023	KZ34VCZ033 57434 19.10.2023
20.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Пионер ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ	Пионерское ауылы	KZ51VCZ033 68865 06.11.2023 ж ы л ы қалдықтарға	01.01.2024 ж ы л - 31.12.2033 жыл	KZ51VCZ033 68865 06.11.2023 жыл	KZ51VCZ033 68865 06.11.2023 жыл
21.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Садовое ауылы.	KZ63VCZ033 67194 02.11.2023 ж ы л шығарындыла р ғ а KZ63VCZ033 67194 02.11.2023 ж ы л қалдықтарға	01.01.2024 ж ы л - 31.12.2033 жыл	KZ63VCZ033 67194 02.11.2023 жыл	KZ63VCZ033 67194 02.11.2023 жыл
22.	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Николаев ауылдық округі әкімінің	Николаевка ауылы	KZ28VCZ031 49089 09.12.2022 ж ы л шығарындыла р м е н қалдықтарға	09.12.2022 ж ы л 31.12.2031 жыл	KZ28VCZ031 49089 09.12.2022 жыл	KZ28VCZ031 49089

Параграф 5. ҚТҚ қалдықтарын жинауға арналған контейнерлердің қажетті санын талдау.

Жүргізілген есептеулерге сәйкес Осакаровка кентінде тұрмыстық қатты қалдықтардың пайда болуының жобалық жылдық көлемі жылына 6711 м³ немесе тәулігіне 18,3 м³ құрайды. Контейнердің стандартты көлемі 0,7 м³.

Осылайша, Осакаровка кентінің жергілікті тұрғындарын коммуналдық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлермен қамтамасыз ету үшін 2 "құрғақ" және "дымқыл" фракцияларына кемінде 52 контейнер қажет.

Ақбұлақ ауылдық округі ескеріле отырып, тұрмыстық қатты қалдықтардың пайда болуының Молодежный жобалық жылдық көлемі жылына 5606 м³ немесе тәулігіне 15,3 м³. Осылайша, Молодежный кентінің жергілікті тұрғындарын қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлермен қамтамасыз ету үшін 2 "құрғақ" және "дымқыл" фракцияларына кемінде 42 контейнер қажет.

ҚТҚ жинауға арналған контейнерлердің қажетті санын есептеу шартты болып табылады, күл қожын жинауға арналған контейнерлерді және қауіптілігі 1-класты қалдықтарға арналған контейнерлерді (құрамында сынап бар шамдар, батареялар) есептемегенде жүргізіледі.

Параграф 6. Биологиялық ыдырайтын қалдықтар

Қарағанды облысы аудандарының проблемаларының бірі көнді орналастырудың заңдастырылған орындарының болмауы, сондай-ақ оны одан әрі пайдалану болып табылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы биологиялық ыдырайтын қалдықтарды тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарына орналастыруға, көмуге тыйым салады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде биологиялық ыдырайтын қалдықтар - анаэробты немесе аэробты ыдырауға ұшырауы мүмкін қалдықтар, оның ішінде тамақ өнеркәсібінің қалдықтарымен салыстыруға болатын бақтардың, саябақтардың, тамақ өнімдерінің, тамақ дайындаудың қалдықтары, макулатура айқындалады.

Азық-түлік, өсімдік және салыстырмалы қалдықтардан басқа, ауылшаруашылық қалдықтары (мал көңі, құс көңі, малға арналған өсімдік қоқысы), ағынды суларды тазарту қондырғылары сияқты басқа қалдықтар биологиялық ыдырауға ұшырауы мүмкін. Қордаға көң мен шламды өңдеу немесе энергия/биогаз алу да биологиялық ыдырауға негізделген процестер болып табылады.

Құндызды ауылдық округіндегі Осакаров ауданының аумағында, Шұңқыркөл ауылында жалпы ауданы 5 га ауыл шаруашылығы қалдықтарын (көңді) жинауға арналған учаске бар.

Осакаров ауданында аграрлық секторда биологиялық ыдырайтын қалдықтар белсенді қолданылады. Ауыл шаруашылығы қалдықтары (көң) органикалық тыңайтқыш ретінде қолданылады. Қаратомар ауылдық округінде, Сенокосное ауылында "Birlik Agro Invest" ЖШС тұқым шаруашылығын қоса алғанда, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды өсіру кезінде көңді пайдаланады, сондай-ақ "Газель" ШҚ Жұлдыз ауылы және "Садовое-К" ЖШС Садовое ауылы ІҚМ (ірі қара мал) өсіруге және дәнді және жемшөп дақылдарын өсіруге маманданған.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда полигондарда тамақ қалдықтарын көмуге тыйым салынды.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі сондай-ақ қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының операторларын биологиялық ыдырайтын қалдықтарды көму көлемін қысқарту және қоқыс газын жинау мен кәдеге жарату арқылы полигондағы метан шығарындыларын азайтуға міндеттейді. "Жасыл экономика" тұрғысынан қордалау, биогаз алу әдісі сияқты, ең қолайлы болып табылады.

ҚР қолданыстағы заңнамасында БЫҚ (биологиялық ыдырайтын қалдықтар) қордалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша нақты талаптар мен нұсқаулықтар әлі жоқ.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі жергілікті атқарушы органдарға оларды қайта өңдеу, компосттау, биогаз өндіру және (немесе) өнім немесе энергия өндіру мақсатында пайдалану жөніндегі шараларды қоса алғанда, биологиялық ыдырайтын қалдықтарды көмуді қысқарту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды ғана ұйғарады.

Қордалау

Тұйық циклды экономика тұрғысынан көрнектілердің бірі өнімді қайта өсіру үшін қорданы одан әрі қолдана отырып, қалдықтарды қордалау әдісі болып табылады.

Бұл әдіс микроорганизмдердің (бактериялар, зөңдер), сондай-ақ жәндіктердің әсерінен органикалық заттардың табиғи ыдырау процесіне негізделген.

Қордалау - бұл процестің салыстырмалы қарапайымдылығына байланысты әлемдегі биологиялық ыдырайтын қалдықтарды қайта өңдеудің ең кең таралған әдісі.

Алынған өнім қорда азот, калий, кальций, фосфор және басқа да өсімдік қоректік заттардың көзі болып табылады. Сондай-ақ, қорда топырақтың құрамы мен құрылымын жақсарту үшін қолданылады, бұл топырақтың біртіндеп тозуы жағдайында Қарағанды облысы үшін өзекті.

Процесс экзотермиялық (жылу шығарумен), сондықтан ауыл шаруашылығы мен тамақ қалдықтарын қордалау кезінде патогенді микроорганизмдер ішінара залалсыздандырылады және арамшөптер жойылады.

Микроорганизмдер шығаратын жылу (+70°C дейін) суық мезгілде қорда жасауға мүмкіндік береді, ал қорданың пісетін кезеңі 2, 3 аптаға артады.

Қордалау тығыздалған және бетондалған топырағы бар ашық немесе жабық жерлерде болуы мүмкін. Бүгінгі таңда Қазақстанда қордалы алаңдары бойынша бекітілген стандарт жоқ.

Жабық аумақтар ылғалдылық пен температураны ішінара бақылауға мүмкіндік береді, бұл ашық ауада қиындық тудырады.

Биогаз алу

Қазақстан үшін парниктік газдарды төмендетудің басымдылығын ескере отырып, биологиялық ыдырайтын қалдықтардың өңдеу кезінде биогазды ұстау технологиясы өте өзекті болып табылады.

Биогаз қондырғылары немесе станциялары, негізінен сутегі немесе метан биомассасын ашыту арқылы алынған метан газын өндіруге арналған жабдық.

Биогаз қондырғылары қызметінің негізгі өнімі биогаз және дигестат (ашытудан кейін биологиялық ыдырайтын қалдықтардың қалдықтары) болып табылады.

Биогазды автомобиль отыны ретінде пайдалану үшін оны дайындау керек. Биологиялық ыдырайтын қалдықтарды басқару жүйесін ұйымдастырудың құрамдас бөліктерінің бірі биоотын алу болуы мүмкін.

Әлемде биогаз қондырғыларын кеңінен қолдану негізінен энергияны өндіру және биологиялық ыдырайтын қалдықтардың ыдырауынан пайда болатын метанның шығуын бақылау мүмкіндігіне байланысты (метан өзінің парниктік қасиеттері бойынша көмірқышқыл газынан едәуір асып түседі).

Биогаз қондырғыларынан алынатын энергия жаңартылатын болып табылады және жаңартылатын энергия көздері туралы тиісті заңнамаға сәйкес келеді.

"Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 121 Жарлығының көміртегі бейтараптығына қол жеткізу Стратегиясында жазылған мақсаттарға сүйене отырып, атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын барынша азайтатын технологияларды қолдану қажет.

"Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" акционерлік қоғамының ("KEGOC" АҚ) деректеріне сәйкес, биологиялық ыдырайтын қалдықтарды пайдаланатын станция өндірілетін электр энергиясын - "Агрофирма Курма" ЖШС сатты. Бұл Қарағанды облысы Абай ауданында орналасқан құс фабрикасы. Белгіленген қуаттылығы 1.07 МВт станция 2018 жылы пайдалануға берілді, орташа жылдық өндіру, 4800 мың кВт/сағ.

Қазақстанда биогаз станцияларын тазарту құрылыстарының көңін немесе тұнбасын өңдеу үшін пайдаланатын бірнеше кәсіпорын бар.

"Су ресурстары-Маркетинг" ЖШС (Шымкент қ.) Шымкент су арнасында биогаз қондырғыларын пайдаланады және шамамен 400 квт/сағ энергия алады. Бұл "

Волынский" Агроөнеркәсіптік кешені (Қарағанды облысы) шошқа шаруашылығы ағындарын өңдеу үшін биогаз қондырғыларын пайдаланады. Жылына қалдықтардан 2 млн текше метрден астам биогаз, 3650 МВт электр және 4197 МВт жылу энергиясы, сондай-ақ тәулігіне 10 тонна микробиологиялық тыңайтқыш алынады. Барлық өндірілген электр энергиясы шошқа кешенінің өз қажеттіліктеріне жұмсалады. " Караман-К" ЖШС (Қостанай облысы) көнді пайдаланады, мәлімделген қуаты 0,35 МВт

Қалдықтарды есепке алу инвестициялық процестер үшін де, қабылданған әрекеттердің тиімділігін бағалау үшін де стратегиялық шешімдерді бағалау және қабылдау үшін өте қажет. Өндірілетін биологиялық ыдырайтын қалдықтардың түрлері мен көлемі туралы ақпарат қоршаған ортаға ағымдағы және ықтимал зиянды бағалауға мүмкіндік береді.

3-тарау. Мақсаттар, міндеттер және нысаналы көрсеткіштер

Параграф 1. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері.

Бұл бағдарламаның мақсаты - коммуналдық қалдықтардан пайда болатын қоршаған ортаға жүктемені азайту, қалдықтардың пайда болу мөлшерін азайту, қайталама ресурстардың өндірілуін арттыру, коммуналдық қалдықтарды пайдалану тиімділігін арттыру және полигондарда сақталатын қалдықтардың үлесін азайту тәсілдерін ұсыну.

Қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің (бұдан әрі - ҚР ЭК) 19-бөлімімен регламенттеледі.

Қалдықтарды басқару саласындағы негізгі принциптер 328 бапта сипатталған:

- 1) иерархия принципі;
- 2) көзге жақындық принципі;
- 3) қалдықтарды дайындаушының жауапкершілік қағидаты;
- 4) Қалдықтарды өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері.

ҚР ЭК 329-бабына сәйкес сатылық қағидаты қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі мынадай шараларды білдіреді:

- 1) қалдықтардың түзілуін болғызбау;
- 2) қалдықтарды қайтадан пайдалануға дайындау;
- 3) қалдықтарды қайта өңдеу;
- 4) қалдықтарды кәдеге жарату;
- 5) қалдықтарды жою.

Бағдарламаның мақсатына және қалдықтар сатылықтыңың принципіне сүйене отырып, бағдарламаның келесі міндеттері ұсынылады:

1) тауарларды орау санын азайту, сату жүйелерін оңтайландыру, ұтымды тұтынуды насихаттау есебінен коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;

2) қалдықтарды "көзден" сұрыптау тиімділікті арттыру және қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы экологиялық заңнамаға сәйкестігі;

3) қалдықтардың органикалық бөлігін биоқордалау немесе биогаз алу немесе энергетикалық кәдеге жарату үшін пайдалану;

4) Қазақстан Республикасының экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтардың қалдық бөлігін сақтауға беру;

5) құрылыс қалдықтарын пайдалану;

6) пысықталған полигон карталарын қалпына келтіру.

Параграф 2. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге неғұрлым тиімді және экономикалық негізделген әдістермен қол жеткізу жолдары

1) Коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту жөніндегі міндетке халықтың экологиялық жауапкершілігі мен қаржылық сауаттылығын арттыру деңгейінде ғана қол жеткізуге болады. Бұл мақсатқа сату құрылымы өзгерген кезде қол жеткізуге болады (соның ішінде орауыш материалдар санының айтарлықтай төмендеуі, айналым контейнерлерін енгізу, салмақ тауарларын сату құрылымының өзгеруі) және өздігінен сатып алу азайған кезде халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыру және халық қалдықтарды азайтуға ұмтылады. Бұған экология және жаратылыстану сабақтарында, қаржылық сауаттылықты арттыру сабақтарында және халық арасында қалдықтардың пайда болуын және саналы тұтынуды азайту бойынша экологиялық насихатты арттыру қажеттілігінде оқушыларды оқыту бағдарламаларын енгізу арқылы қол жеткізуге болады.

2) "Пайда болу көзінде" қалдықтарды сұрыптауды ұлғайту жөніндегі міндетке қол жеткізу үшін коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды енгізу қажет. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес (Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 – "Техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып, міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы" бұйрығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м. а. 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 – "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы) коммуналдық қалдықтарды 2 фракцияға – "Құрғақ" және "Дымқыл" бөлуге арналған контейнерлік алаңдарды, сондай-ақ ірі габаритті қалдықтарды жинауға арналған алаңдарды жайластыру қажет. Қалдықтарды бөлек жинау бойынша халықпен түсіндіру және ақпараттық жұмысты ұйымдастыру қажет.

3) Коммуналдық қалдықтар полигондары, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес, қалдықтардың пайдалы компоненттерін қосымша

5.	Пайдалану және қайта өңдеуге беру арқылы қалдықтарды сақтауды азайту	ағымдағы жылдың көрсеткіштерінен % қайта өңдеу	0	-	-	5	10	15
6.	Құрылыс қалдықтарының пайдалану	пайда болудан %	0	-	-	-	-	10

5-тарау. Негізгі бағыттар, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары.

Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін іс-шаралардың нақты бірізділігі мен уақтылы іске асырылуын құру қажет.

Экологиялық ағарту және экологиялық мәдениетті арттыру мақсаттарына қол жеткізу үшін ресурстарды үнемдеу және "саналы тұтыну" қажеттілігін, қосымша қаптамадан бас тартуды және ұзақ мерзімді сапалы тауарлардың пайдасына таңдауды қамтитын әлеуметтік бағыттағы бейнероликтер жасау қажет. Бұл бейнероликтерді жергілікті телеарналарда негізгі хабар тарату арасында орналастыру, сондай-ақ әлеуметтік желілерді, жергілікті танымал жұртшылықты және жаңалықтар арналарын тарту қажет.

Қосымша қалдықтардың пайда болуына жол бермеуді, сұрыптауды, сондай-ақ қоқысты таратуға жол бермеуді "ақылға қонымды тұтынуды" насихаттау міндетті түрде қосымша және мектептен тыс білім беру бағдарламасына енгізілуі тиіс. Осы тақырып бойынша іс-шаралар білім беру мекемелерінде тұрақты негізде ұйымдастырылуы тиіс.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау бойынша нысаналы көрсеткішке қол жеткізу үшін жергілікті халықты 2 "құрғақ" және "дымқыл" фракцияларға арналған көзден қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлері бар контейнерлік алаңдармен қамтамасыз ету қажет.

Жер учаскелерін ресімдей отырып, контейнерлік алаңдарды орналастыру схемаларын әзірлеу. Контейнерлік алаңдардың жобалары халық үшін қолжетімділікті және қалдықтарды шығаруға арналған арнайы техниканың ерекшеліктерін ескере отырып, тиеу жұмыстарын жүргізудің ыңғайлылығын ескеруі тиіс.

Көппәтерлі тұрғын үй секторындағы коммуналдық қалдықтарды жинау және уақытша сақтау алаңында контейнерлердің мынадай түрлері белгіленуі тиіс:

Азық-түлік және органикалық қалдықтарды жинауға арналған "дымқыл" қалдықтар фракциясына арналған контейнерлер.

"Құрғақ" фракцияға арналған контейнерлер-коммуналдық қалдықтардың ластанбаған пластикалық компоненттері, картон, қағаз, шыны және сынған айналар, металдар және осы құрамдас бөліктерден күрделі бұйымдар, сондай-ақ тоқыма.

Жеке сектор тұрғындары үшін контейнерлік алаңдарды жайластыру күл қожын жинауға арналған қосымша резервуар / контейнер құрылғысымен жүргізілуі тиіс.

Сондай-ақ ұйым жұмысының ерекшеліктерін және осы білім берушілерден қалдықтарды шығаруды жүзеге асыратын арнайы техниканың өлшемдерін және жеке сектор тұрғындары үшін коммуналдық қалдықтарды жинаудың ыңғайлылығын ескере отырып.

Қауіптілігі 1-класты қалдықтар үшін (құрамында сынабы бар шамдар, батареялар) қолда бар контейнерлер пайдалануға берілсін, қажет болған жағдайда қосымша контейнерлер сатып алынсын. Жергілікті тұрғындарды контейнерлердің орналасқан жерін көрсете отырып, осы контейнерлердің жұмыс істеуі туралы үнемі хабардар ету.

Осакаров ауданында арнайы қоқыс шығаратын ұйымдар болмағандықтан, коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті техниканы ресімдеуге және сатып алуға ақшалай қаражат бөле отырып, гранттарды қарастыру қажет. "Жасыл Даму" АҚ-ның өнім (тауар) қалдықтарын кешенді басқарудың бірыңғай жүйесін құруға және осы қалдықтарды бизнесті кеңінен тарта отырып, қоқыс өңдеу саласын инфрақұрылымдық дамытуға жәрдемдесетін, "жасыл" технологияларды енгізуді

іске асыратын қайталама шикізат ретінде айналымға тартуға ұсынылатын шарттарын қарастыру.

Биологиялық ыдырайтын қалдықтармен проблеманы шешу үшін қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарында азық-түлік және басқа да органикалық қалдықтарды (мысалы, ауыл шаруашылығы қалдықтары, көң) биоқордалауды немесе экологиялық талаптарды сақтай отырып, осындай қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды көздеу қажет.

Құрылыс қалдықтарын қабылдау және кәдеге жарату үшін (оларды коммуналдық қалдықтар полигондарында орналастыруға экологиялық заңнамамен тыйым салынғандықтан) қосымша желілерді немесе қолданыстағы полигондарда немесе жаңа кәсіпорындарда қабылдау алаңдарымен, фракцияларға және қорытынды өнім қоймаларына бөлу үшін ұсатқыштармен және еектермен жарактандырылған, кейіннен алынған материалдарды полигонның өз қажеттіліктеріне пайдалана отырып (пайдаланылған карталарды қабатты оқшаулау немесе қалпына келтіру кезінде) немесе үшінші тарап тұтынушыларына босату үшін қосымша желілерді жайластыру қажет.

6-тарау. Қажетті ресурстар

Бағдарламаны қаржыландыру көздері жергілікті бюджет, оның ішінде тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, өндірушілердің (импорттаушылардың)

Кеңейтілген Міндеттемелерінің Операторы (оның банктік шотына кәдеге жарату төлемі түрінде өндірушілер мен импорттаушылардан түскен қаражаттан) отандық, халықаралық қаржы экономикалық ұйымдарының немесе донор елдердің гранттары, екінші деңгейдегі банктердің несиелері және қалдықтарды жинау және кәдеге жарату жөніндегі кәсіпорындар немесе қоғамдық ұйымдар тартуы мүмкін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер болуы мүмкін.

7-тарау. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Қарағанды облысының Осакаров ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

6-кесте. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

р/к №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)/қосымша көздер (мың теңге) Қаржыландыру көздері					Қаржыландыру көздері	Іс-шарадан күтілетін экологиялық әсер*
					2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл		
1	Әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар, бейнероликтер тарату арқылы қалдықтарды бөлек жинау жүйесі туралы	Эфирлік анықтамалар, жарияланым	Жергілікті атқарушы органдар	2024	Бюджеттік өтінімге сәйкес					Жергілікті бюджет	Халықтың экологиялық мәдениеті мен әлеуметтік-экологиялық жауапкершілік деңгейін арттыру. Ақылға қонымды тұтынуды насихаттау және қалдықтарды дұрыс

4	- эпидемиологиялық нормаларға сәйкес келетін контейнерлік алаңдарды орнату	Жұмыстарды қабылдау актісі	Жергілікті атқарушы органдар	2026			Бюджеттік өтінімге сәйкес			Жергілікті бюджет	Іргелес аумақтардың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын жақсарту
5	ҚТҚ қалдықтарын, сондай-ақ күл қожын және қауіптілігі I-класты қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлерді сатып алу	Жұмыстарды қабылдау актісі	Жергілікті атқарушы органдар	2026			Бюджеттік өтінімге сәйкес			Жергілікті бюджет	ҚТҚ қалдықтарын сұрыптау, қайта өңдеу үлесін ұлғайту. Сақтаудың төмендеуі.
6	Мамандандырылған қоқыс шығару техникасын сатып алу	Пайдалануға беру актісі	Жергілікті атқарушы органдар. Басқарушы ұйым	2026-2028			Бюджеттік өтінімге сәйкес	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Тиеу және тасымалдау кезінде қалдықтардың таралуын азайту.
7	Құрылыс қалдықтарын құрайтын ұсақтау және	Пайдалануға	Жергілікті атқарушы органдар. Басқару	2027-2028				Бюджеттік өтінімге	Бюджеттік өтінімге		Құрылыс қалдықтарын қайталама шикізат

	сұрып тау жабдық тарын сатып алу	беру актісі	шы ұйым					е сәйкес	е сәйкес	Жергілі кті бюджет	ретінде пайдала нуға дайынд ау	
8	Комму налдық қалдық тар полиго ндарын да тамақ және басқа да органик алық қалдық тарды кәдеге жарату техноло гиясын таңдау және енгізу	Пайдал ануға беру актісі	Жергілі кті атқару шы органдар Басқару шы ұйым	2025- 2027				Бюджет тік өтінімг е сәйкес	Бюджет тік өтінімг е сәйкес	Бюджет тік өтінімг е сәйкес	Жергілі кті бюджет	Парник тік газдард ы азайту. Үйінді газыны ң концен трацияс ының төменд еуі.
9	Қауіпті лігі 1- класты қалдық тарды жинауға арналға н бар контей нерлер ді жөндеу және орнату	Пайдал ануға беру актісі	Жергілі кті атқару шы органдар	2025				Бюджет тік өтінімг е сәйкес			Жергілі кті бюджет	Атмосф ералық ауа мен жер жамылғ ысыны ң ластану ының алдын алу.
	Қауіпті лігі 1- класты қалдық тарды жинауға және тасыма лдауға арналға		Жергілі кті									Атмосф ералық ауа мен жер жамылғ

12	лдауға арналған тарифті әзірлеу және бекіту, тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау және көму	Мәслихаттың тарифті бекіту туралы шешімі	Аудан әкімдігі	2025-2026		Бюджеттік өтінімге сәйкес	Бюджеттік өтінімге сәйкес			Жергілікті бюджет
----	---	--	----------------	-----------	--	---------------------------	---------------------------	--	--	-------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК